

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің коммерциаландыру кеңсесінің қызметі туралы

Қазіргі таңда мемлекет Қазақстан экономикасының түрлі саласының дамуына ауқымды шараларды жүзеге асыруда, соның арасында елдің инновациялық әлеуеті дамуының маңызы зор. Жаңартпашылық белсенділікті және экономикалық дамуды арттыру мақсатында өткізіліп жатқан индустриялы-инновациялық мемлекеттік саясаты жаңартпашылықтарды енгізу үшін мемлекеттік құралдардың кең талғамын ұсынды.

Технологияларды коммерцияландыру жүйесінің қалыптасуы және дамуы ғылыми зерттеу институттары мен жоғарғы оқу орындарында коммерцияландыру кеңселердің құрылуы және олардың іске қосуын қолдау арқылы, сонымен бірге технопарктердегі аймақтық коммерцияландыру орталықтарын дамуына көмектесу арқылы жүзеге асады. Коммерцияландыру кеңсесінің басты мақсаты ЖОО мен ҒЗИ құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми зерттеулер нәтижелерін және зерттемелерді коммерцияландыру. Инновациялық гранттарды беру оператор қызметін «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» (ТДҰА) АҚ орындайды.

«Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 534-IV заңның 20 мақала бойынша 9 (тоғыз) инновациялық гранттың келесі түрлері бар:

1. жоғары білімді шетелдік мамандарды тартуы;
2. кеңес беру және жобалық инжинирингтік ұйымдарды тартуы;
3. инженер-техник қызметкерлердің біліктілігінің шет елдерінде көтеруі (арттыру);
4. басқару және өндірістік технологияның енгізуі;
5. жоғары технологиялық өнімді шығаратын өндірісті алғы кезеңінде қолдау;
6. индустриялық зерттеулерді жүзеге асыру;
7. шет елдерде және аймақтық патенттік ұйымдарда патент алу;
8. технологияларды иемдену;
9. технологияларды коммерциаландыру.

2013 ж 25 сәуірінде «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ (кейін «ТДЖҰА» АҚ) қолдауымен С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ жаңа құрылымдық бөлімшенің – «Коммерциализациялау кеңсесі» (кейін ОКТ)

ОКТ-ның негізгі мақсаттары:

- аяқталған ғылыми зерттемелерді коммерцияландыру және олардың нәтижесінің өндіріске енгізуі;
- агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарына және ауылшаруашылықтарға Университет қызметкерлерінің консалтингтік қызметтерін коммерцияландыру;

➤ университеттің зерттемелерін және қызметтерін коммерцияландыру арқылы қосымша бюджеттен тыс қаражатпен қамсыздандыруы.

Алдына қойылған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді орындау керек:

- перспективалы зерттемелерді коммерцияландыру үшін айқындау;
- ғылыми зерттемелерді перспективалы инновациялық жоба түріне келтіру;
- инвестициялық меморандумдарды дайындау және инвесторларды іздеу;
- басым бағыттары бойынша мемлекеттік немесе халықаралық бағдарламалар арқылы қаржыланатын жаңа ғылыми зерттеулердің жүргізуін қамсыздандыру;
- зияткерлік меншікті қорғау және лицензиялық шарттар саласында - кеңестік қызмет көрсету;
- технологияның өндіріске енгізу кезеңінде коммерциаландырылған жобаларды үйлестіру;
- өндірістік компаниялардың тапсырысы бойынша ғылыми зерттеу және тәжірибелі конструкторлық зерттемелердің өткізуін қамтамасыз ету;
- ғылыми зерттеу және зерттеменің нәтижесінің коммерцияландыру мақсатында жеке кәсіпкерліктің субъекттерімен байланыстарды тоқайластыруы;
- жаңа жоғарытехнологиялық start - up компанияларды (бизнесерді) құру;

«Коммерциализациялау кеңсесі» қызметінің басталғанынан бері келесі бағыттарда жұмыс атқарылуда:

- бөлімше қызметінің методологиялық негізінің құрылуы;
- ғылыми зерттемелерді түгендеу;
- инновациялық дамудың институттарымен және ғылыми зерттемелердің коммерцияландыруына жағдай жасайтын өзге ұйымдармен өзара әрекеттестік жүргізу;
- зияткерлік меншіктің құқығының қорғау облысында жұмыс атқаруы;
- ғылыми зерттемені коммерцияландыру және оларды жылжытылуы мақсатында көрмелерге, семинарларға және өзге іс-шараларда ОҚТ қатысады;
- ғылыми зерттемелерді, перспективалы инновациялық жобаларды және технологияларды коммерциаландыру мақсатымен әлеуетті серіктестестерді (лицензиаттарды, кәсіпкерлерді) іздестіру, сонымен бірге ғылыми зерттемелерді сүйемелдеу және енгізу мақсатында мемлекеттік және жеке ұйымдармен әрекет жасау.

ОҚТ бөлімшенің қызметінің методологиялық негізінің құрылуы мақсатында ғылыми нәтижелерді коммерциаландыру мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп бекітілуде.

Өзара мүдделері мен ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын анықтау мақсатында «ТДЖҰА» АҚ, «Астана Innovations» АҚ, Украиналық нанобиотехнология және ресурсты үнемдеу мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Технологиялар трансферттеу, зерттемелерді және технологияларды коммерцияландыру жолдарын белгілеу үшін, бірлескен халықаралық жобаларды ҚР БҒМ мен «ТДЖҰА»АҚ-ның қаржы құралдары арқылы технология трансферті саласында қызметтестік механизмін анықтау мақсатында шетелдік ғалымдардың университет ғалымдарымен кездесуі ұйымдастырылды.

«ТДЖҰА» АҚ-мен, «Астана Innovations» АҚ-мен және Украиналық нанобиотехнология және ресурстарды үнемдеу мемлекеттік ҒЗИ-мен ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу туралы Меморандумдарына қол қойылды.


Ғылыми-зерттеу түгендеу барысында коммерциялық тартымды бірқатар жобалар анықталды; инновациялық жобалар, университеттің зерттемелері мен технологиялардан даму портфелі құрылды; патент портфелі талданды. Болашақта коммерцияландыру үшін жарамды ғылыми зерттеулерден таңдау жүргізілуде.

➤ **Ғылыми зерттеулерді коммерциялауға ықпал ететін даму инновациялық институттарымен және басқа да ұйымдармен жұмыс істеу:**

Ғылыми зерттеулерді және технологияларды коммерцияландыру және оларды жылжыту мақсатында ОҚТ түрлі даму инновациялық институттарымен және басқа да ұйымдармен әрекеттеседі:

- «ТДЖҰА» АҚ;
- «Астана қ. аймақтық технопаркі» ЖШС;
- «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі;
- ҚР БҒМ «Технологияларды коммерцияландыру орталығы» ЖШС;
- Сентранс Секьюритиз АИФРИ АҚ «Табыс» венчурлық қоры;
- "Astana Innovations" АҚ;
- аймақтағы жергілікті атқарушы органдары және т.б.

Бүгінгі кезеңде басқа да отандық және шетелдік инновациялық даму мекемелермен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады («Астана қ. аймақтық технопаркі » ЖШС, «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Технопаркі» АҚ т.б.)



Сур.1. Коммерциаландыру процесінде иновациялық даму институттары мен басқа да ұйымдардың коммерциализациялау кеңсесінің өзара іс-қимыл схемасы

2013 жылы «Астана қ. аймақтық технопаркi» ЖШС-нің технологиялық бизнес-инкубациялау бағдарламадан С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ 3 жоба өтті:

➤ «Внедрение кормолекарственных смесей (КЛС) с антгельминтными препаратами в производство для профилактики гельминтозов с целью повышения продуктивности сельскохозяйственных животных». Басқ. - в.ғ. д Б.К. Ибраев;

- «Набор для серологической диагностики лейкоза крупного рогатого скота методом ИФА», Басқ.- б.ғ. к. С.Н Боровиков;
- «Внедрение информационной технологии внутрпочвенного дифференцированного внедрения минеральных удобрений в системе точного земледелия», Басқ.- т.ғ.д. С.О.Нукешев.

Сонымен бірге «Өнімділік - 2020» бағыты шеңберінде «ТДЖҰА» АҚ жоба бойынша, туберкулездің диагностикасы үшін иммундық пилоттық сериялы өндірісі бойынша жоба аяқталуда.

Технологияларды жылжыту мақсатымен INNOGET халықаралық технологиялар трансферті желісінде орналастыру арқылы шетелдік инвестицияларды тарту үшін коммерциаландыру кеңсесі келісім шарттарды әзірлеп, оларға қол қойылды.

➤ **Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы қызметті жүзеге асырады.**

2000 жылдан бастап 2013 жылға дейінгі кезеңінде С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ патенттер портфелінің талдауына сәйкес: Қорғау құжаттарын алу үшін 279 өтінім берілді, 195 қорғау құжаттары алынды, оның ішінде 33 - патенттер, алдын-ала және инновациялық патенттер - 157, пайдалы модельге патент – 5.

Таблица 1. 2008-2014 жж* кезеңіндегі патент портфелінің құрылымы. (01.07.2014 ж күніне мәлімет).

Түрі	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014*
Патенттер	12	-	7	16	-	1	
Инновациялық патенттер	1	17	18	10	16	23	7
Берілген өтінім	26	15	13	18	15	57	40

Диаграмма 1. 2008-2014 жж* кезеңіндегі берілген өтінім және алынған қорғау құжаттарының саны.



Ескерту: * 01.07.2014г. күніне мәлімет

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы университеттің белсенді жұмыстары Еуразиялық патенттік ұйымының шешуі бойынша С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ В.И. Блинников атындағы Алтын медалімен марапатталды. Еуразиялық патенттік ұйымының атынан С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ ректоры А.Қ. Күрішбаев мырзаға алтын медаль және табысты кәсіби және өнертапқыштық тану және Еуразиялық аймақтағы өнертабыстарды құқықтық қорғау саласындағы белсенділігі үшін диплом табыс етілді.

➤ **Ғылыми зерттемені коммерцияландыру және оларды жылжытылуы мақсатында көрмелерге, семинарларға және өзге іс-шараларда ОҚТ қатысуы.**

Университеттің ғылыми зерттемелер мен инновациялық жобаларды жылжыту және әйгілеу мақсатында өткен кезеңде университеттің ғылыми зерттемелері көрмелерде және семинарларда ұсынылды:

Таблица 2: Коммерцияландыру кеңсесінің көрмелер мен семинарларға қатысуы

Кезең	Іс-шаралар
2013	10 «XXI ғасырдағы білім және ғылым» Қазақстан халықаралық көрмесі 2013, ЕС «Көрме»
	І-ші Инновациялық форум «Қостанай Invent 2013» аясында өткізілген инновациялық әзірлемелер көрмесі, Қостанай қ.
	«Менің жобам - болашаққа инвестиция» атты Республикалық ғылыми-көрме форумы; Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
	10-шы мерейтойлық «Шапағат» Республикалық өнертабыс саласындағы жетістіктерінің конкурсының марапаттау рәсімінің аясында өткен перспективалық өнертабыстар мен зерттемелердің көрмесі
	Инновациялық жобалар, гранттар және технологиялық бизнес-инкубациялау бағдарламасы арқылы қаржыландыру жөніндегі «ТДЖҰА» АҚ қатысуымен «Астана қ. аймақтық технопарк» ЖШС-мен бірлесіп семинар ұйымдастырылуы. Семинар 245 адам қатысты.
	«Астана» ӘКК, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ және Украиналық нанобиотехнология және ресурсты үнемдеу мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен бірлесіп инновациялық және индустриалдық жобаларды ұсыну және іске асыру мүмкіндігін қарастыру мақсатындағы кездесу
2014	«Зерттеу және инновация жөніндегі ЕО Негіздемелік бағдарламасы» атты ақпараттық семинар
	«Астана қ. аймақтық технопаркі» ЖШС, «ТДЖҰА» АҚ мен бірлесіп АҚШ-тың арнайы шақырылған оқытушы Джефф Хоффманның қатысуымен «Инновациялар және оларды қалай шабыттандыру», «Бизнеске табысқа жетудің он кілті» атты семинары
	Технологиялық даму және инновация жаңа перспективалы бағыттарын анықтау барысындағы «ТДЖҰА» АҚ мен бірлесе Колумбия университетінің (Нью-Йорк, АҚШ) зерттеу тобымен кездесуді ұйымдастыру
	«Астана Innovations» АҚ инновациялық жобаларды қаржыландыру бағдарламалары туралы семинарды ұйымдастыру, оған 120 адам қатысты, оның ішінде студенттер, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар
	11-шы «Шапағат» Республикалық өнертабыс саласындағы жетістіктерінің конкурсының салтанатты марапаттау рәсімінің аясында өткен перспективалық өнертабыстар мен зерттемелердің көрмесі. Патенттік істің дамуына үлес қосқан үшін С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ В.И. Блишников атындағы алтын медалімен марапатталды
АЭФ аясында өткен «ТДЖҰА» АҚ «Индустрияландырудың екінші бесжылдығы бағдарламасын инновацияның рөлі» атты ІХ Инновациялық конгрессіне ПОҚ-нан 47 адамның қатысуы ұйымдастырылған	

<p>ЕО ғылыми-зерттеу және инновациялық жаңа қаржыландыру бағдарламасы «Horizon 2020» туралы ақпараттық семинарға ПОҚ-тың қатысуын ұйымдастыру, 37 адам қатысуға бағытталған</p>
<p>«ТДЖҰА» АҚ инновациялық жобалар көрмесіне жобаларды іріктеуге қатысу үшін 8 жобаның төлқұжаттарын дайындау</p>
<p>ҚР ӘМ Зияткерлік меншік құқығы Комитеті мен Ұлттық зияткерлік меншік институтымен бірлесіп «Тіркеу, бағалау, коммерцияландыру және өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері» атты республикалық семинар ұйымдастырылған. Семинарға 250-ден астам адам қатысты. Семинар барысында университеттің ғылыми жетістіктері көрмесі ұйымдастырылды</p>
<p>С.Сейфуллинның туғанына 120-жылдық мерейтойына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Бәсекеге қабілетті кадрларды дайындаудың жаңа перспективалары және индустриялық-инновациялық саясатты қалыптастырудағы ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының аясында өткен университеттің ғылыми жетістіктері көрмесі</p>
<p>«Корея Республикасы үлгісінде өнертапқыштық және шығармашылық ойлау қабілетін оқыту» «Астана-2014, үміт жобасы» атты дәрістер аясында Корея Республикасы делегациясының және дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының өкілдерімен Ұлттық зияткерлік меншік институтымен бірлесіп кездесу ұйымдастырылған. Қатысушылардың саны - 109 адам, оның ішінде ПОҚ, жас ғалымдар, докторанттар, аспиранттар мен студенттері болды</p>
<p>Ғылым, технология және халықаралық технологиялар трансферті саласындағы халықаралық ынтымақтастық стратегиясын әзірлеу туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының сарапшылары қатысуымен ақпараттық семинар өтті. Бұл іс-шараға келесі өкілдер қатысты: БҰҰ ЕЭК өкілдері - Малкольм Париж (Malcolm Parry); Ральф Хайнрих (Ralf Генрих), «ТДЖҰА» АҚ-ның Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орталығының директоры –Т.М Шалабаев, сонымен бірге университеттің ПОҚ. Қатысушылардың саны -. 57 адам</p>



2 сур. Перспективалық өнертабыстар мен зерттемелердің көрмесі "Шапағат" - 2014"



3

3 сур. «Тіркеу, бағалау, коммерцияландыру және өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері» атты республикалық семинар аясындағы ұйымдастырылған университеттің ғылыми жетістіктері көрмесі, 3-4 шілде 2014.

Сонымен бірге, коммерцияландыру кеңсесі міндеттерінің бірі, ғылыми зерттемелерді, перспективалы инновациялық жобаларды және технологияларды коммерцияландыру мақсатымен әлеуетті серіктестестерді (лицензиаттарды, кәсіпкерлерді) іздестіру, сонымен бірге ғылыми зерттемелерді сүйемелдеу және енгізу мақсатында мемлекеттік және жеке ұйымдармен әрекет жасау. Осы бағытта 2014 жылы коммерцияландыру кеңсесі түрлі мемлекеттік органдармен, бизнес және өзге де ұйымдармен өзара қатынастар құрды. (4 сур).



4 Сур. Университеттің ғылыми зерттемесінің жылжыту мақматында коммерциаландыру кеңсесінің түрлі ұйымдармен өзара іс-қимыл әрекет құру

Сонымен, қазіргі уақытта ұлттық экономиканың инновациялық даму жолында инновациялық кластер мүшелері ретінде жоғары оқу орындарының рөлі жоғарылайды, оның ішінде ғылым мен өндірісті біріктіру қызметі бөлек.

ЖОО ғылыми зерттемелер мен технологиялардың, адами капиталдың шығарушы ретінде өзінің қорында аяқталған және зерттеудің соңғы кезеңіндегі көптеген ғылыми зерттемелері бар, сондықтан ЖОО-ның дамуы келесі жағдай жасағанда үлкен әлеуетке ие болу мүмкін: нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жағдайында; шағын инновациялық компанияларды және ғылымды дамыту үшін өндіріс кәсіпорындарды тарту мәселесін шешу ретінде экономикалық ынталандырманы туғызу; инновациялық менеджмент саласындағы инновациялық қызметтің жетелуі мен жоғары білікті кадрларды соның ішінде ЖОО-да коммерцияландыру кеңселерінің жүргізушілерінің жұмысын дамыту үшін қажетті инфрақұрылымды құру керек.

Коммерцияландыру кеңсесінің басшысы
Нұрмұханбетова Айгүл
Астана қ, Жеңіс д-лы, 62
ректораттың бас ғимараты, 614 кабинет
Тел.: (8-7172)-31-02-45
Факс: (8-7172)-31-60-72
e-mail: nurmukhanbetovaa@mail.ru